

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 60 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары– 13: дәстүрлерді сақтай отырып, болашақты құру» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 13: сохраняя традиции, создавая будущее», посвященная 60-летию Казахского агротехнического университета имени С.Сейфуллина. - 2017. - Т.1, Ч.5. - Б.318-320

## КӨПТІЛДІК – ЗАМАН ТАЛАБЫ

*Әжиева С. Н., Сулейменова Р. З.*

«Қазақстан әлемде жоғары білімді, халқы үш тілді де: қазақ тілін – мемлекеттік тіл ретінде, орыс тілін – ұлтаралық қатынас тілі ретінде және ағылшын тілін – жаһандық экономикаға нәтижелі өтудің көмекші тілі ретінде еркін меңгерген ел болып танылуы керек»

Көптілділік - заман талабы. Бір халықтың мәдениетін басқаларымен салыстыру арқылы ғана, әлем суретін әр алуан әрі тұтас көруге мүмкіндік беретін ұлттық мәдениеттің барлық ерекшеліктерін және құндылықтарын сезінуге болады.

Интерактивті әдіс – бұл педагогикалық үрдіске қатысушылардың өзара қарым-қатынасы және бір-біріне әсер ету арқылы бір мақсатты көздеуі. Бұл әдістің мақсаты – тек ақпарат ұсыну емес, студенттерді өз бетінше ақпаратты табу дағдыларын қалыптастыруға итермелеу, әр қатысушының мінез-құлқы мен жұмыс жасау дағдысына оң өзгеріс енгізу, логикалық ойлау дағдыларын дамыту. С.В. Белованың пікірінше, білім алушыларды үш топқа бөлуге болады:

- сұхбатқа формалды қатысушылар;
- өз пікірін дәлелдеуге ұмтылатын оқушылар;
- шын мәнінде сұхбаттасып, өз пікірін байыта алатын оқушылар.

Оқыту барысында оқытушы осы топтар арасындағы айырмашылықты аңғарып, дұрыс бағыттап отыруы, бірінші және екінші топтардағы студенттердің басқа деңгейге бағытталуына ықпал ете білуі қажет [1].

Интерактивті әдіспен оқыту – білім беру жүйелерінің жаңа уақыт талабына бейімделіп, жаңа арнада тоғысуы. Біріншіден, интерактивті оқыту жаңа заманға бет бұрған оқыту жүйесі болса, екінші жағынан, мұғалім мен оқушының, оқытушы мен студенттің арасындағы ықпалдастық, білім беру мен білім алу арасындағы ерекше дидактикалық қарым- қатынастың заңдылықтарын зерттейтін сала болып есептеледі [2].

Интерактивті оқыту технологиясында берілетін білім мазмұны, оқытушы мен студенттердің сабақта қолданатын әдістері, қосымша дидактикалық және техникалық, қосымша дидактикалық және техникалық құралдар – барлығы өзара тығыз байланысты және үйлесіммен қолданылады [3].

Н.Ә.Назарбаев өзінің жылдағы дәстүрлі Жолдауында «Тілдердің үш тұғырлығы» мәдени жобасын іске асыруды жеделдету тиістігіне ерекше мән

береді. Биылғы жылғы «Әлеуметтік- экономикалық жаңғырту — Қазақстан дамуының басты бағыты» Жолдауында: «Көп ұлттылық пен көптілділік құндылықтардың бірі және біздің еліміздің басты артықшылығы болып табылады», — деп атап көрсетті. Сонымен қатар бүкіл қоғамымызды топтастырып отырған мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілімен қатар, ағылшын тілін оқытудың сапасын арттыру қажеттілігіне ерекше назар аударады. Сондықтан қазақ тілін тереңдетіп оқыту, сонымен қатар көптілділікті меңгеруді жолға қою — бүгінгі таңдағы орта білім жүйесінде педагогикалық үрдістің негізгі бағыттарының бірі. Әлемдік білім беру іс-тәжірибесінде көптілді және билингвалды білім беру жаңалық емес, атап айтқанда, АҚШ пен көптеген Еуропа елдерінде, әсіресе соңғы жылдарда бұл бағытта жетістікке қол жеткен. Бірақ қазақстандық білім беру жүйесінде көптілді және билингвалды білім берудің халықаралық іс- тәжірибесінде қолданыс тапқан модельдерін енгізу — жаңа педагогикалық проблема, өйткені ол жаңа жағдайларда шығармашылық тұрғыдан іске асырылуы тиіс. Енді аз-кем көптілді және билингвалды білім беру ұғымдарының мағынасы туралы тоқталып өтсек [4].

Көптілде білім берудегі негізгі бағыттары төмендегідей:

- универсалдық ақпарат технологиялары;
- телекоммуникациялық компьютерлік құралдар;
- компьютерлік бағдарламалық құралдар;
- мультимедиялық бағдарламалық жабдықтар.

Осылайша, жаңа ақпараттық технологияларды және Интернет жүйесі ресурстарын қолданып, сондай-ақ оларды оқу үрдісіне кіріктіре отырып, ағылшын тілі сабақтарында дидактикалық міндеттердің бірқатарын тиімді шешуге болады, яғни [5-6]:

- студенттердің бірі немесе оқытушы ұсынатын проблемалық талқылау негізінде монологтық және диалогтық сөйлеу біліктілігін жетілдіру;

- Интернет желісіндегі түпнұсқалық аудиомәтіндер негізінде студенттердің тыңдап түсіну дағдыларын қалыптастыру және жетілдіру;

- түпнұсқа материалдарды жүйелі түрде қолдану негізінде студенттердің шет тілінде сөйлеу әрекеттерінің тұрақты мотивациясын қалыптастыру;

- тек ғана оқулықтардағы мәтіндерге байланысты мәселелерді талқылап қоймай, басқа да кез келген адамды қызықтыратын өзекті мәселелерді талдау;

- тілі оқытылып жатқан елдің дәстүрлі, мәдени ерекшеліктерін, қарым-қатынас шарттарында әр түрлі халықтардың тілдік мінез-құлық ерекшеліктерін, тілдік этикеттен тұратын мәдени- танымдық білімімен таныстыру [7-9].

Жаңа ақпараттық технологиямен жұмыс кезінде педагогтың да ролі ауысады, оның негізгі міндеті — жеке тұлғаның дамуын қолдау, оның шығармашылық ізденісін бағыттау және қолдау. Студенттермен қарым-қатынас әріптестік және бірегей шығармашылық принцип негізінде құрылады.

## **Қорытынды**

Осылайша, жоғарыда айтылған ой-пікірлерді қорытындылай келе, біз мынадай тұжырымға келдік, яғни шет тілін оқытуда жаңа ақпараттық технологияларды қолдану оқыту тиімділігін арттыруға көмектеседі, сонымен бірге студенттердің шығармашылық потенциалын жетілдіруде маңызы зор құрал болып табылады. Оқу үрдісінде компьютерді қолдану негізінде университет пәндерін оқыту сапасын арттырып, білім беруді ақпараттандыру жүйелі түрде іске асады деуге болады.

Интерактивті оқытуды тиімді пайдалану – әр оқытушының басты міндеті. Жаңа технологиямен қаруланған оқытушы өркениетті ел болашағын тәрбиелей алады, оны білім беру саласында тиімді пайдалану студенттердің білім сапасын арттыруға көмектеседі.

## **Әдебиеттер тізімі**

- 1 Зимняя И.А. Педагогикалық психология. Оқулық. - Алматы, 2005. - 359 б.
- 2 2015 жылға дейінгі Қазақстан Республикасының білім беру тұжырымдамасы // Қазақстан мұғалімі. - 15 қаңт. - 40–48-б.
- 3 Мақала: «Қазақстан Республикасындағы көптілді білім берудің дамуы» <http://articlekz.com/kk/article/15972>
- 4 Мақала: «Шет тілін оқытуда жаңа ақпараттық технологияларды қолдану ерекшеліктері» <http://articlekz.com/kk/article/16084>
- 5 Новые педагогические и информационные технологии в системе образования: Учеб. пособие / Под. ред. Е.С.Полат. - 2002. - С. 271–275.
- 6 <http://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S0898589813000545>
- 7 <http://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S0889490615000411>
- 8 <http://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S0020748915000425>